

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары –
«NUR OTAN» партиясы
фракциясының және «Ақ жол»
Қазақстан Демократиялық
партиясы фракциясының
мүшелеріне

2021 жылғы 27 мамырдағы
№ ДС-193 сауалға

Құрметті депутаттар!

Каспий теңізінде су тереңдету жұмыстарын жүргізуге қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймыз.

1. Балама нұсқалармен саластырғанда канал салу жобасын іске асырудың негізділігіне қатысты

Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі және оның Қашаған кен орнының теңіз объектілері орналасқан ауданда кейіннен таяздануы теңіз көлік құралдарын пайдалануды шектеуге әкелді.

Мәселен, 2020 жылы 153 күн бойы аралдарға рұқсат берілмеді. Мұндай жағдайдың қайталануы болашақта теңіз өндірістік объектілерін қауіпсіз пайдалану қаупін тудырады, бұл өз кезегінде Қазақстанның ірі кен орындары бірінің толық тоқтауына алып келуі мүмкін.

Осыған байланысты, «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» компаниясы (бұдан әрі – НКОК) осындай салдардың туындауына жол бермеу бойынша бірқатар нұсқаларды, соның ішінде теңіз кеме қатынасы каналдарын тереңдету, ауа қабы бар кемелерін пайдалану, бұрыннан бар кемелердің шөгуін азайту сияқты бірқатар тәсілдерді және көпір/бөгет салу түріндегі ұзақ мерзімді шешімдерді қарастырды.

2022 жылы күрделі жөндеу жүргізу үшін Қашаған кен орнына қолжетімділікті шектеу қаупі бар екенін ескере отырып, **теңіз кеме қатынасы**

каналдарын салу қысқа және орта мерзімді перспективада қаралған барлық балама нұсқалардың ішіндегі жалғыз мүмкін нұсқа болып табылады. Бұл төтенше жағдайлар кезінде персоналды қауіпсіз эвакуациялауды, теңіз объектілерінің үздіксіз жұмысын және 2022 жылы теңізде жоспарлы-алдын алу жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл ретте ең озық қолжетімді технологиялар қолданылатын болады.

2. Жобаны Каспий өңірі елдерімен келісуге қатысты

Осы уақытқа дейін Қазақстан Республикасы 2018 жылғы 20 шілдедегі Каспий теңізі ортасының трансшекаралық әсер ету мәселелерін реттейтін Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік (Тегеран) конвенцияға трансшекаралық контексте қоршаған ортаға әсерді бағалау хаттамасын ратификацияламады (*ратификациялау бойынша тиісті заң жобасы ҚР Парламенті Мәжілісінде қаралуда*).

Сонымен қатар, теңіз түбін тереңдету жобасы трансшекаралық контексте қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) туралы конвенцияға сәйкес, олар үшін трансшекаралық контексте қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүргізу қажет болатын қызмет түрлерінің тізбесіне кірмейді (*су сыйымдылығы 1350 тоннадан асатын кемелердің өтуі көзделмеген*).

3. Каналдарды қосымша тереңдету және жұмыстарды қайта жүргізу қажеттілігіне қатысты

«НКОК» компаниясының болжамы бойынша Каспий теңізі деңгейінің жыл сайын шамамен 10 см төмендеуі күтілуде. Алдын ала зерттеулерге сәйкес 2024 жылға дейін теңіз деңгейінің өзгеру болжамын ескере отырып, теңіз түбін қалпына келтіру бойынша қосымша жұмыстар жүргізудің қажеті жоқ. Бұл ретте НКОК ұзақ мерзімді шешім әзірленгенге дейін Каспий теңізі деңгейінің төмендеуінің жалғаса беретін үрдісі мен лайлану салдарынан кеме қатынасы каналының жобалық тереңдігін қолдау үшін су түбін тереңдету жұмыстарын қайта жүргізу ықтималдығын жоққа шығармайды. Бұдан басқа, қосымша жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі болжамды батиметриялық зерттеулердің нәтижелері бойынша айқындалатын болады.

Жоспарланып отырған жұмыстарды жүргізу аумағы пайдалану режимінің арнайы шектеулері аудандарынан, «Ақжайық» мемлекеттік резерваты аймағынан, бекіре, балық аулау аудандарының уылдырық шашу және қоныс аудару, құстардың ұя салу аймақтарынан және итбалықтар шоғырланған жерлерден тыс орналасқанын атап өту қажет. Топырақ төсеу каналдардан 540 м қашықтықта үйінділер түрінде шахмат тәртібінде орындалатын болады, олардың жоғарғы бөлігі теңіз деңгейінен 2 метрге төмен болады.

Құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қорытындысы бойынша мүдделі жұртшылық пен ғылым өкілдерінің қатысуымен уәкілетті органдар «Қашаған кен орны объектілерін жайластыру. Теңіз кешені. Теңіз кеме қатынасы каналдары» жобасын қарап, келісті. Ағымдағы жылғы 25 наурызда Атырау облысы бойынша Экология департаменті мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысын берді.

4. Топырақты қазып алу және тасу үшін арнайы рұқсаттың болуына қатысты

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес топырақты қазып алу үшін жер қойнауын зерттеу саласындағы құзыретті органның арнайы рұқсаты талап етілмейді.

5. Жобалаудан кейінгі талдау жүргізуге қатысты

Қолданыстағы экологиялық заңнамада жобаны іске асыру кезіндегі нақты әсерлерге жобадан кейінгі талдау жүргізу көзделмеген. Сонымен қатар, НКОК жоспарланған теңіз түбін тереңдету жұмыстарын іске асыру кезеңінде және аяқталғаннан кейін қоршаған ортаның барлық параметрлері бойынша арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр.

Осылайша, аталған жобаны іске асыру бойынша барлық жұмыстар заңнамада белгіленген тәртіппен және экологиялық қоғамдастықтар мен сарапшыларды тарта отырып жүргізілуде.

Тұтастай алғанда, жобаны іске асыру Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Р. Склад

